

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту қорын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 75-ө Өкімі
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту қорын құру жөнінде
ұсыныстарды әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Н о к и н Серік Кенесұлы	-	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төрағасы, жетекші
Г а л и е в Владислав Германович	-	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары, жетекшінің орынбасары
Д э л е н о в Руслан Ерболатұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Е с к е н д і р о в Абай Мұқашұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі
Ө л і м қ ұ л о в Еркеғали Амантайұлы	-	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) төрағасының орынбасары
Ы с қ а қ о в Әрсен Бейсенбайұлы	-	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) Отын-энергетика кешенінің мониторингі және талдау басқармасының бастығы
Ы с қ а қ о в Дәурен Тілеукенұлы	-	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңға тәуелді актілер департаментінің бас сарапшысы
Р а қ ы м б е к о в Төлеутай Сатайұлы	-	«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (келісім бойынша)
Ж а м а у б а е в Ерұлан Кенжебекұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Үйлестіру департаментінің директоры (Астана қаласы) (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2012 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту қорын құру жөнінде ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов